# 2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспортарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 Қаулысы ( үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

208, 209, 210, 211, 212, 213, 214, 214-1, 215, 216, 217, 218, 219, 220, 221, 222-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің;

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысына 208-ҚОСЫМША

**221 - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Мемлекеттің қызметін құқықтық қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны:** 7653063 мың теңге (жеті миллиард алты жүз елу үш миллион алпыс үш мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31. N 470б қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы Заңы ; "Жедел-іздестіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Заңының 6-бабы ; "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 9 , 10-баптары ; "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы Заңы ; "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы Заңы ; "Селекциялық жетістіктерді

қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңы ; "Патент заңы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі Заңы ; "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 29 маусымдағы Заңы ; "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы Заңының 3 , 15, 16, 19, 21, 22-баптары ; "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңы ; Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік реестрі және оларды мемлекеттік тіркеуді ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3379 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 қыркүйектегі N 1376 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1120 қаулысы ; "Жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркегені үшін алым ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 сәуірдегі N 392 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** мемлекеттің қызметін құқықтық қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың жұмысында заңдылық режиміне қолдау жасау, азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** заң жобаларын әзірлеу, консультациялық және сараптамалық жұмыстар жүргізу, қолданыстағы заңнаманы жүйелеу, нормативтік құқықтық актілерге сараптама жасау, қолданыстағы заңдарды түсіндіру, ғылым, әдебиет және өнер шығармаларын, өнеркәсіптік меншіктің объектілерін жасауға және пайдалануға байланысты пайда болатын авторлық құқық, өнеркәсіптік меншік құқығы саласындағы қатынастарды реттеу, мемлекеттік органдарды Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің дерекқорларымен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары мен мемлекеттік органдардың жасаған өтініштері бойынша Қазақстан Республикасының және шетел мемлекеттерінің соттарында мемлекеттің мүддесін құқықтық қорғау, нотариалдық және адвокаттық қызметпен, мүлікті бағалау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензиялар беру , діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау, әділет органдарының және қылмыстық атқару
жүйесінің ақпараттық жүйелеріне уақытылы және толық техникалық

қызмет көрсету және сүйемелдеу, жылжымайтын мүлік құқықтарын және жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркеу, Қазақстан Республикасы азаматтарына төлқұжаттары мен жеке куәліктерін беру.

## 6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Мемлекеттің қызметін құқықтық қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | Бекітілген штат санының лимитіне сәйкес 332 бірлік санында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің орталық аппаратын және оның комитеттерін ұстау. Бекітілген лимитке сәйкес 13 қызметтегі жеңіл автомобильдерді ұстау және жалдау. Іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан. Спорт-сауықтыру іс-шараларын өткізу. Іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан. Заңнамада белгіленген тәртіппен мына салаларда, мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ететін стратегиялық функцияларды іске асыру: 1) Заң жобалау жұмыстарын ұйымдастыру: 50 заңнамалық актілер бойынша қолданыстағы заңнамаға талдау жүргізу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Жобаның сапасын, негіздемесін және заңдылығын бағалау жобаны қабылдаудың болуы мүмкін тиімділігін анықтау және болуы мүмкін теріс зардаптарын айқындау үшін консультациялық және эксперттік қызметтерді, ғылыми, оның ішінде ғылыми криминологиялық, сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу. 52 заң жобасын әзірлеу үшін заңгер-ғалымдар мен тәжірибе алып жүрген заңгерлерді тарту. 91 заң жобасын ғылыми сараптамадан, 20 заң жобасын ғылыми криминологиялық сараптамадан өткізу. Заң жобаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс топтарының отырыстарын құру, ұйымдастыру және өткізу. 6 конференция мен дөңгелек үстел өткізуді қамтамасыз ету. Жасалған шарттарға сәйкес қызмет көрсетулерге ақы төлеу. Ғылыми мақалаларды, қолданыстағы заңнамаға жүргізілген талдау қорытындыларын, конференциялар мен дөңгелек үстелдер материалдарын, қабылданған заңдарға ғылыми-практикалық түсініктемелерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау. Қазақстан Республикасының Заңдар жинағын | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дайындау. Іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан.<br>2) Зияткерлік меншік құқығын қорғау: Шетелдік делегацияның, сарапшылардың қатысуымен, сабақтас құқықтар шығармалары мен объектілеріне, өнеркәсіптік меншік объектілеріне, селекциялық жетістіктерге, интегралдық микросхемалар топологияларына құқықтарды қорғау мәселелері жөніндегі өңірлік семинарларды, көпшілік акцияларды мыналармен ұйымдастыру және өткізу:<br>- көліктік құралдар мен үй-жайларды (аудандарды) жалға алу;<br>- буфеттік қызмет көрсету;<br>- ілеспе аудармамен қамтамасыз ету;<br>- стенографиялық жазбамен қамтамасыз ету;<br>- полиграфиялық өнім дайындау;<br>- брошюралар шығару;<br>- кеңсе және өзге де тауарларды сатып алу.<br>Зияткерлік меншік объектілерін тіркеу туралы куәлік бланкілерін дайындау;<br>Әдістемелік әдебиеттер мен нормативтік құқықтық актілерін шығару.<br>Іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан.<br>3) Құқықтық ақпаратпен қамтамасыз ету;<br>Жасалған шарттарға сәйкес | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | нормативтік құқықтық актілерді жинақтау және есепке алу бойынша қызметтерге ақы төлеу. Мемлекеттік тізілімге 2900 нормативтік құқықтық актілер енгізу. Құқықтық ақпарат беруді қамтамасыз ету. Аумақтық бөлімшелерді қоса алғанда 1132 мемлекеттік органдар бойынша жаңарту мерзімділігі айына кемінде 1 рет "Заң" дерекқорын жыл сайын орнату және өзектілендіру. Іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан. 4) Соттарда мемлекеттің мүддесін қорғау: Қазақстан Республикасының, шетел мемлекеттерінің, халықаралық төрелік соттарында мемлекеттің мүддесін тиімді құқықтық қорғауды қамтамасыз ету. Орталық атқару органдарына құқықтық мәселелер жөніндегі консультациялық қызметтерді көрсету практикасын реттеу. Жасалған шарттарға сәйкес төрелік шығындар мен қызметтерге ақы төлеу. Іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан. 5) Лицензиарлардың функцияларын орындау: Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нотариалдық және адвокаттық қызметті лицензиялауды өткізу. Жеке және заңды тұлғаларға нотариалдық және адвокаттық қызметпен, жылжымайтын мүлікті бағалау жөніндегі | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қызметпен айналысу құқығына лицензиялар дайындау. 6) Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеу бойынша шығындарды өтеуді қамтамасыз ету. Жылжымайтын мүлікке құқықтар-ды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету. 7) Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу бойынша шығындарды өтеуді қамтамасыз ету. 8) Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік | | |
| 3 | | 002 | Аумақтық орган-дардың аппа-раттары | Бекітілген штат санының лимитіне сәйкес 2901 бірлік санында Қазақстан Республикасы Әділет министрлі-гінің аумақтық әділет органдарын ұстау. Қызметтік жеңіл автомобилі-нің 26 ұстау. Заңды тұлғаларды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының нормативтік құқықтық актілерін, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру. Құқықтық көмек пен заң қызметін көрсетуді ұйымдастыру және құқықтық насихатты қамтамасыз ету. Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласында мемлекет саясатын іске асыру. Заң шығармашылығы қызметін және Қазақстан Республикасының заңдарымен жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру. Іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Әділет министр-лігі, оның |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | аумақтық органдары |
| 4 | | 007 | Мемлекет- тік қыз- метшілер- дің білік- тілігін арттыру | Мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін 7 тақырып бойынша қызмет көрсетулерді сатып алу: 1) Қазақстан халқына Президенттің жыл сайынғы Жолдауы жарығында құқықтық мәдениетті, құқықтық оқытуды және тәрбиелеуді қалыптастыру бойынша әділет органдарының міндеттері. 2) Адамдарды сату бойынша қылмыстарды болдырмау және алдын алу мәселелері жөніндегі халықаралық құқықтық актілерді қолданудың өзекті мәселелері және әділет органдарының басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасауы. 3) Мемлекеттік сатып алу заңнамасының өзекті мәселелері; 4) Халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету жүйесін жетілдіру; 5) Әкімшілік құрылысының өзгеруі жағдайында аумақтық органдары жұмыстарының мәселелері бойынша неке мен отбасы және апос- тильдеу туралы қолданыстағы заңнаманың өзекті проблемалары; 6) Адвокатура қызметін ұйымдастыруды жетілдірудің проблемалық мәселелері және құқықтық қорғау органдарының дәлелдеу қызметінде сараптық | Жыл бойы | Қазақстан Республи- касы Әділет министр- лігі, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | зерттеу-лердің ролі; 7) Қолданыстағы жекеленген заңнама актілерін жетілдірудің тәжірибелік мәселелері. Мемлекеттік және ағылшын тілдеріне оқыту. | | оның аумақтық органдары |
| 5 | | 008 | Мемлекет-тік орган-дардың ғимарат-тарын, үй-жайла-ры мен құрылыс-тарын күрделі жөндеу | Алты облыстың аумақтық әділет органдарының, соның ішінде Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстарының ғимараттарына, үй-жайлары мен құрылыстарына күрделі жөндеу жүргізу. Шығыс Қазақстан облысының қылмыстық-атқару жүйесі басқармасының ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Әділет министр-лігі, оның аумақтық органдары |
| 6 | | 009 | Мемлекет-тік орган-дарды мате-риалдық-техникалық жарақ-тандыру | Орталық аппаратқа және аумақтық бөлімшелерге негізгі құралдарға жататын тауарларды: проекторды, көшірме орталығын, қағаз жойғышты, лингафон кабинетін, ксероксті, темір сейфтерін, көшірме аппараттарын, офистік жиһаз сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Әділет министр-лігі, оның аумақтық органдары |
| 7 | | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекет-тік органдарды ақпарат-тық-техни-калық қамтамасыз ету | Есептеу және телекоммуникация техникасына шығыс материал-дарын, қосалқы бөлшектер және жинақтаушы заттар сатып алу; Телекоммуникация-лық қызметтер, Интернет желісіне қол жеткізу қызметтерін сатып алу; Есептеу техникасын және телекоммуникация жабдықтарын сатып алу; Әділет органдарының есептеу техникасы мен ақпараттық желілерінің құралдарына жүйелік-техника-лық қызметтер көрсету; Лицензиялық бағдарламалық | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Әділет министр-лігі, Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті және оның аумақтық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қамтамасыз етуді сатып алу; Халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес жеке тұлғалардың жеке сәйкестендіру нөмірлерін басып шығарып, оларды микропроцессорға (чипке ) енгізіп жеке басын куәландыратын электрондық құжаттарға көшуді 2007 жылы ұйымдастыру үшін лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуі бар арнайы жабдықты: чипті кодтап жеке куәліктерді дербестендіру жүйелерін, чипті кодтайтын паспорттық принтерлер, қолтаңбаны басуға арналған планшеттер, паспорттар мен жеке куәліктердің машинамен есептеу аймағын есептеуіштерді, жиынтықтағы цифрлы камераларды сатып алу; | | бөлімше-лері |
| 8 | | 100 | Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті-нің аппараты | Бекітілген штат санының лимитіне сәйкес 173 бірлік санында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің аппаратын ұстау. Қылмыстық жазаларды атқару саласында мемлекет саясатын іске асыру, Қылмыстық жазаларды атқаратын органдар мен мекемелерде құқықтық тәртіпті және заңдылықты қамтамасыз ету. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жедел-іздестіру қызметін жүргізу. Іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан. Жұмыстан босатылған қызметкерлерге біржолғы жәрдемақылар төлеу жөніндегі кредиторлық берешекті өтеу. Ішкі істер органдарында қызмет өткерген кезеңдегі алған 1 топтағы мүгедектігі үшін өтемақы. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Әділет министр-лігі, Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті және оның аумақтық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | бөлімше-лері |
| 9 | | 101 | Қылмыстық-атқару жүйесінің аумақтық органда-рының аппарат-тары | Бекітілген штат санының лимитіне сәйкес 1055 бірлік санында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің аумақтық органдарын ұстау. Заңнамаға сәйкес, мекемелер мен органдарда қылмыстық жазаларды атқару бойынша жұмыстар ұйымдастыру. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жедел-іздестіру қызметін жүргізу. Іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан. Жұмыстан босатылған қызметкерлерге біржолғы жәрдемақылар төлеу жөніндегі кредиторлық берешекті өтеу. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Әділет министр-лігі, Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *, 2006.12.23. N* 470s *қаулыларымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже:
50 заңнамалық актілер бойынша қолданыстағы заңнаманы талдаудан өткізу;
әзірленетін заң жобаларының саны - 52;
91 заң жобасын ғылыми сараптамадан және 20 заң жобасын ғылыми криминологиялық сараптамадан өткізу;
заң жобалау жұмыстары бойынша өткізілетін конференциялар мен дөңгелек үстелдер саны - 6 ;
сабақтас құқықтық шығармалары мен объектілеріне, өнеркәсіптік меншік объектілеріне, селекциялық жетістіктерге, интегралдық микросхемалар топологияларына құқықтарды қорғау мәселелері жөніндегі өткізілетін өңірлік семинарлар, көпшілік акциялар саны - 6 (4 семинар және 2 көпшілік акция);
зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі шығарылатын әдістемелік әдебиеттер мен нормативтік құқықтық актілер саны кемінде 2000 бірлік;
есептеу техникасын және телекоммуникация жабдықтарын сатып алу;
лицензиялық бағдарламалық өнімдер сатып алу;
негізгі құралдарға жататын тауарларды жалпы қажеттіліктен 70 %, құрайтын: проектор - 1 бірлік, көшірме орталығы - 1 бірлік, қағаз жойғыш - 1 бірлік, лингафон кабинеті - 1

бірлік, ксерокөшірме аппараты - 1 бірлік, темір сейфін - 9 бірлік, көшірме аппараттары - 204 бірлік, офистік жиһаз сатып алу;
жылжымалы және жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу саны кемінде 661065-ті құрайды;
дайындалатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік бланкілері саны кемінде 50000 бірлік;
мемлекеттік тізілімге енгізілетін нормативтік құқықтық актілер саны кемінде 2900 бірлік;
құқықтық ақпарат берумен қамтамасыз етілетін мемлекеттік органдары саны кемінде 1132 бірлік;
дайындалатын лицензия бланкілерінің саны, оның ішінде түрлері бойынша: адвокаттық қызметін лицензиялауға - 900 бірлік, нотариалдық қызметін лицензиялауға - 600 бірлік, мемлекеттік бас лицензия - 500 бірлік;
кәсіби деңгейін арттыру - 376 адам;
мемлекеттік тілге оқыту - 115 адам;
ағылшын тіліне оқыту - 50 адам;
6 облыстың аумақтық әділет органдарында күрделі жөндеу жүргізу;
Шығыс-Қазақстан облысының қылмыстық-атқару жүйесі басқармасының ғимаратына күрделі жөндеу жүргізу.
Соңғы нәтиже:
жаңа қабылданған нормативтік құқықтық актілерге және оларды қолдануға азаматтардың, мемлекеттік органдардың, заңды тұлғалардың қол жеткізуі;
мемлекеттің қызметін құқықтық қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың жұмысында заңдылық режимін қолдау;
Қазақстан Республикасы азаматтарының және ұйымдарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейін 11,6% арттыруды қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметкерлерді мемлекеттік тілге 3,5% оқыту және ағылшын тіліне 1,5% оқыту.
Қаржы-экономикалық нәтиже:
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі орталық аппаратының, оның комитеттерінің бір қызметкерін ұстауға жылына орташа шығындар 2949,8 мың теңге, аумақтық әділет органдары аппараттарының бір қызметкерін ұстауға - 666,4 мың теңге және қылмыстық-атқару жүйесі аумақтық органдары аппараттарының бір қызметкерін ұстауға - 723,2 мың теңге құрайды;
заң жобалау жұмыстары бойынша бір конференция мен дөңгелек үстел өткізуге шығындар 1116,33 мың теңге;
зияткерлік меншік құқықтар жөнінде бір семинар өткізуге шығындар - 235,0 мың теңге;

зияткерлік меншік құқықтар жөнінде бір көпшілік акция өткізуге шығындар 290,0 мың теңге;
жылжымалы және жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеудің біреуін өткізуге арналған шығындар орта есеппен 750,36 теңгені құрайды;
нотариалдық және адвокаттық қызметпен айналысу құқығына бір лицензия дайындауға шығыстар - 50 теңге;
бір мемлекеттік бас лицензия дайындауға шығыстар - 115 теңге;
заңды тұлғаларды тіркеудің бір бланкісін дайындауға шығыстар - 30 теңге;
мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруға орташа шығындар - 11,2 мың теңге;

бір мемлекеттік қызметшінің мемлекеттік тілге оқытуға - 50,5 мың теңге;
бір мемлекеттік қызметшінің ағылшын тіліне оқытуға - 30,1 мың теңге;
әділет және қылмыстық-атқару жүйесі аумақтық органдарының әкімшілік ғимараттарын күрделі жөндеу жұмыстарына орташа шығыстар - 53025,0 мың теңге;
Уақтылығы:
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жүктелген функцияларды орындауды уақтылы қамтамасыз ету;
жасалған шарттарға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін уақтылы арттыру және оларды мемлекеттік, ағылшын тілдеріне оқыту.
Сапа:
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне және оның ведомстволарына жүктелген функцияларға сәйкес, халыққа мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуін және ұсыну сапасын қамтамасыз ету;
қазіргі замандағы кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына, экономикалық жағдайларға сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру;
мемлекеттік тілді оқу курстарын өткеннен кейін, іс жүргізу мемлекеттік тілге көшкен мемлекеттік қызметшілердің үлесі 30%;
ағылшын тілін оқу курстарын өткеннен кейін, ағылшын тіліндегі құжаттармен жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің үлесі 1 %;
кәсіби деңгейін арттыру курстарын өткеннен кейін, жоғары лауазымға тағайындалған мемлекеттік қызметшілердің үлесі 2,5%.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.23. N* 470s *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2005жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
209-ҚОСЫМША

**221 - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Сот сараптамаларын жүргізу"
деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 667617 мың теңге (алты жүз алпыс жеті миллион алты жүз он жеті мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Сот сараптамасы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12 карашадағы Заңы ; "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы Заңының 3 , 17-баптары ; "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 11 тамыздағы N 1245 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының сот сараптама жүйесін дамыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 ақпандағы N 119 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының сот сараптамасы жүйесін дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 қазандағы N 1072 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** сот сараптамасындағы қылмыстық азаматтық істердің және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің материалдары бойынша Қазақстан Республикасының сот ісін жүргізудің қажеттілігін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының сот сараптамасы қызметін толық ғылыми және әдістемелік қамтамасыз ету; бірыңғай және тәуелсіз сот сараптама жүйесінің қызметін бұдан әрі жетілдіру; азаматтық сот ісін жүргізуде сот сараптамасының ролін арттыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:**
сот-сараптама қызметін ұйымдастыру және Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен сот сарапшыларына лицензиялар беру;
сот-сараптама органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту;
сот сараптамасы саласында ғылыми-зерттеу жұмысын үйлестіру және жүргізу;
сот сараптама қызметінің институционалдық және ұйымдастырушылық негізін дамыту;

сарапшы кадрларын іріктеу жүйесін кәсіби даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жетілдіру.

## 6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-ламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мер-зімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Сот сарапта-маларын жүргізу | Сот сараптамасы саласындағы мекемеге жүктелген негізгі функция-ларды орындау үшін штат саны 609 бірлік. Сот сараптамасы орталығын және оның 17 ғылыми-өндірістік лабораториясын ұстау. Іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан. Сот сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 ақпандағы N 119 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының сот сараптамасы жүйесін дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар өткізу, оның ішінде қызметтік ғимаратын сатып алу. Ресми WEB-сайтын құру: "Қазақстан Республикасы Әділет министрлі-гінің Сот сараптамасы орталығы" мемлекеттік мекемесі Интернет желісіне енуді сүйемелдеу және қызмет көрсетулер. Сот сараптамасы орталығын материалдық-техникалық жабдықтармен жарақтандыру үшін жабдықтар мен есептеу техникасын сатып алу. Қызметтік ғимарат сатып алу. Іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Әділет министрлігі. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі-нің Сот сараптамасы орталығы |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: сараптамалар саны 43 түрі бойынша кемінде 60000 құрайды;
WEB-сайтан құру - 1 бірлік;
қызметтік ғимарат сатып алу - 1 бірлік;
сот сараптамасы орталығын материалдық-техникалық жарақтандыру үшін жалпы қажеттіліктен 20% құрайтын жабдықтар мен есептеу техникасын, оның ішінде: компьютер - 61 бірлік, лазерлі принтер - 60 бірлік, үздіксіз қоректендіру көздері - 60 бірлік, сканер - 60 бірлік, желілік фильтр - 60 бірлік; микродифрактометр - 2 бірлік, микроспектрофотометр - 10 бірлік, зерттеуге арналған химиялық зертхана жиынтығы - 7 бірлік, бейнефонографиялық зерттеуге арналған аппараттық-бағдарламалық кешені - 10 бірлік, салыстырмалы микроскоп - 14 бірлік, оқ пен гильза ұстағыштары - 5 бірлік, геодезиялық прибор - 2 бірлік, бейнеспектрлік компаратор - 5 бірлік, электрондық-оптикалық түрлендіргіш - 17 бірлік, "Фотошоп" аппараттық-бағдарламалық кешені - 12 бірлік, фоторепродукциялық қондырғы - 9 бірлік, жылжымалы зертханалар - 16 бірлік, гельқұжаттау жүйесі - 1 бірлік сатып алу.
Соңғы нәтиже:
Сот сараптамасындағы Қазақстан Республикасы сот ісін жүргізу қажеттілігін қамтамасыз ету;
қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік іс жүргізудің қатысушысы болып табылатын адамдардың құқықтарын және заңды мүдделерін арнайы ғылыми білім құралдарымен қамтамасыз ету мақсатында сот сараптамасын жүргізу;
криминалистикалық сараптама қызметтерінің барлық бағыттарының, жүргізілетін зерттеулер мерзімдерін қысқарту мен сапасын арттырудың тиімділігін арттыру.
Қаржы-экономикалық нәтиже: бір сараптама жүргізу үшін шығыстар кемінде 5783 теңге құрайды;
Уақтылылық: сот сараптамасын жүргізуді уақытылы қамтамасыз ету.
Сапа: Қазақстан Республикасының сот ісін жүргізудің қазіргі заманға сай сапалы сараптамадағы талаптарын неғұрлым толық қанағаттандыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
210-ҚОСЫМША

**<u>221 - Қазақстан Республикасы</u> Әділет министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Сотталғандарды ұстау"
деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 11328825 мың теңге (он бір миллиард үш жүз жиырма сегіз миллион сегіз жүз жиырма бес мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексі , "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы Заңы , " Қазақстан Республикасы, ішкі істер қылмыстық-атқару жүйесі органдарының тұрғын үйді ұстауға және коммуналды қызмет көрсетулерге ақшалай өтемақы алуға құқығы бар әскери қызметшілері қызметкерлері лауазымдарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 наурыздағы N 483 қаулысы , "Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1376 қаулысы , "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1120 қаулысы , "Қазақстан Республикасы Әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын атқару кезеңінде мертіккен кезде, ал олар қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оны алуға құқығы бар адамдарға біржолғы өтемақы төлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі N 299 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** түзеушілік әсер етуді жүзеге асырумен сотталғандарға қатысты сот үкімін, қаулысын және ұйғарымын орындау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** 1. Қылмыстық жазаларды орындау, қылмыстық жазаларды атқаратын органдар мен мекемелерде құқықтық тәртіпті және заңдылықты қамтамасыз ету.
2. Сотталғандарды түзеуді ұйымдастыру.
3. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сотталғандардың және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Сотталғандарды ұстау | Мынадай іс-шараларды жүзеге асыру үшін 77 түзеу мекемелерінде 50000 сотталғандарды және қызметкерлер- | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі, Қазақстан |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | дің 12859 бірлік штат саны бар қорғау және қадағалау бөлімін ұстау:<br>- сотталғандарға қатысты соттың үкімін, қаулысын және ұйғарымын орындау;<br>- қылмыстық-атқару жүйесі (бұдан әрі - ҚАЖ) мекемелерінде заңнамада белгіленген тәртіпті және жазасын өтеу жағдайларын сақтауды қамтамасыз ету;<br><br>- ҚАЖ мекемелерінде сотталғандардың және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету;<br>- ҚАЖ мекемелерінде сот үкіміне, қаулысына және ұйғарымына сәйкес сотталғандарды орналастыруды ұйымдастыру;<br>- психологиялық-педагогикалық әдістерді пайдаланып, соттарға түзеушілік әсер етуді жүзеге асыру;<br>- сотталғандарды жұмыспен қамтуды ұйымдастыру;<br>- сотталғандарды босатуға даярлау бойынша жұмыс ұйымдастыру, ҚАЖ мекемелері мен органдарын баска да құқық қорғау органдарымен, мемлекеттік басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен сотталғандарды түзету, оларды жұмысқа және тұрмыстық жағдайын орналастыру нәтижелерін бекіту жөнінде бойынша өзара іс-қимыл жасау;<br>- сотталғандарға жалпы білім және кәсіби білім беруді ұйымдастыру;<br>- қылмыстық-атқару жүйесінің қызметіне қоғамдық және діни бірлестіктерді тарту. Сотталғандарды | | Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті және оның аумақтық | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ұстау шартын халықаралық нормалар мен стандарттар талаптарына барынша жақындату үшін ҚАЖ мекемелерін жабдықтармен, құрал-саймандармен, арнайы мақсаттағы құралдармен және көлік құралдарымен жарақтандыру, соның ішінде мыналарды сатып алу: - ерекше жабдықтар мен материалдар ( арнайы құралдар, резеңке таяқтар, дулығалар, қол кісендері және басқалар ) ; - медициналық жабдықтар; - бактериологиялық лабораторияға жабдықтар мен құрал-саймандар; - автокөлік құралдары; - коммуналдық-тұрмыстық жабдықтар; - түзеу мекеме-леріндегі инженерлік-техникалық құрылыстарды және қорғау құралдарын күрделі жөндеу, қайта жаңарту жұмыстарын жүргізу; Қолданылатын ғимараттар мен құрылыстардың атқаратын қабі-леттігіне және сейсмикалық тұрақтылығына тексеру жұмыстарын жүргізу; өлшеу жұмыстарын, топографиялық-геодезиялық және инженерлік- геологиялық іздеулер бойынша күрделі жөндеу және қайта жаңарту жөніндегі жобалау- сметалық құжаттаманы әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізу және оларды мемлекеттік сараптамадан өткізу. | | органдары, түзеу мекемелері |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже:
1. 77 түзеу мекемелерінде 50000 сотталғандарды ұстау;
2. Психологиялық-педагогикалық әдістерін пайдаланып, сотталғандарға түзеушілік әсер етуді жүзеге асыруды ұйымдастыру мақсатында 8008 дәріс пен семинар өткізу;
3. Сотталғандарды жұмыспен қамту - 12400 адам;
4. Жазасын өтеу мерзімінен кейін одан әрі жұмысқа және тұрмыстық жағдайын

орналастырған сотталғандар саны - 5400 адам;
5. Орташа жалпы білім алатын сотталғандар саны - 654 адам;
6. Кәсіби білім алатын сотталғандар саны - 847 адам;
7. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде орналасқан қоғамдық және діни ғимараттар саны - 188 бірлік (оның ішінде 160 сыйыну бөлмелері).
Соңғы нәтиже:
1. Психологиялық-педагогикалық әдістерін пайдаланып, сотталғандарға түзеушілік әсер етуді жүзеге асыруды ұйымдастыру - 87%;
2. Сотталғандарды жұмыспен қамтуды ұйымдастыру - 36,8%;
3. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдары басқа да құқық қорғау органдарымен, мемлекеттік басқару органдарымен және қоғамдық ұйымдармен сотталғандарды түзеу нәтижелерін, оларды жұмысқа және тұрмыстық жағдайын орналастыру бойынша өзара іс-қимыл жасау - 83,1%;
4. Сотталғандарға жалпы білім беруді ұйымдастыру - 91%;
5. Сотталғандарға кәсіби білім беруді ұйымдастыру - 56%;
6. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметіне қоғамдық және діни ұйымдарды тарту - 91%.
Қаржы-экономикалық нәтиже: бір сотталғанды ұстауға жылына - 128,4 мың теңге, түзеу мекемесінің бір қызметкерін ұстауға жылына - 381,6 мың теңге шартты шығындар;
Уақтылылық - сотталғандарға 100 % түзеушілік әсер етуі;
Сапа:
1. 30,6% түзелу жолына түскен сотталғандар;
2. Сотталғандарды ұстау деңгейін 8,3% арттыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
211-ҚОСЫМША

**<u>221 - Қазақстан Республикасы</u> Әділет министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Қылмыстық-атқару жүйесі объектілерін салу және қайта жаңарту"
деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 2181780 мың теңге (екі миллиард бір жүз сексен бір миллион жеті жүз сексен мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі дамытудың 2004-2006

жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1376 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** сотталғандарды ұстауға коммуналдық-тұрмыстық жағдайларын жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** жаңа түзеу мекемелерін қайта жаңарту және салу жолымен сотталғандарды ұстау тығыздығын төмендету; сотталғандарды республика бойынша тасымалдау санын азайту мақсатында сотталғандардың барлық санаттарына
сотталғанға немесе тұтқындалғанға дейін тұрған аймағының шегінде жазасын өтеу үшін жағдайлармен қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Қылмыстық-атқару жүйесі объекті-лерін салу және қайта жаңарту | "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1228 қаулысына 2-қосымшаға сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес іс-шараларға арналған сомалар шегінде түзеу мекемелерін құру объектілерін салу және қайта жаңарту жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру: 1. Алматы облысы Заречный кентіндегі ЛА-155/12 мекемесін 1500 | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касы Әділет министр-лігі, Қазақстан Республикасы Әділет министрлі-гінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті, оның аумақтық органдары, түзеу мекемелері |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | орынға қатаң режимдегі түзеу колониясы етіп қайта жаңарту (жобалау-сметалық құжаттаманы бекіту туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істер комитетінің 2002 жылғы 15 қарашадағы N 354 бұйрығы, жобалау-сметалық құжаттамаға 2002 жылғы 30 қыркүйектегі N 2-463/2002 Мемлекеттік сараптаманың қорытындысы).<br>2. Қызылорда қаласындағы наркологиялық диспансер мен қабырға материалдары зауытын 1000 орынға жалпы режимдегі түзеу колониясы етіп қайта жаңарту (техникалық-экономикалық құжаттаманы бекіту туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері комитетінің 2004 жылғы 1 наурыздағы N 89 бұйрығы, жобалау-сметалық құжаттамаға 2004 жылғы 18 ақпандағы N 2-45/04 Мемлекеттік сараптаманың қорытындысы).<br>3. Павлодар қаласында " Химпром" ААҚ-ның N 822 мен N 823 - өндірістік корпустарын 1500 орынға қатаң режимдегі түзеу колониясы етіп қайта жаңарту ( техникалық-экономикалық негіздемені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері комитетінің 2005 жылғы 9 ақпанындағы N 37 ЖІЖ бұйрығы, | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | техникалық-экономикалық негіздемеге Мемлекеттік сараптаманың 2004 жылғы 29 шілдедегі N 2-365/004 қорытындысы).<br>4. Орал қаласында РУ-170/3 мекемесін 900 орынға қатаң режимдегі түзеу колониясы етіп қайта жаңарту (техникалық-экономикалық негіздемені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері комитетінің 2005 жылғы 8 шілдедегі N 199 ЖІЖ бұйрығы, техникалық-экономикалық негіздемеге Мемлекеттік сараптаманың 2004 жылғы 28 маусымдағы N 2-264/4/04 қорытындысы).<br>5. Павлодар қаласындағы тергеу изоляторын салу (техникалық-экономикалық негіздемені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері комитетінің 2002 жылғы 5 желтоқсандағы N 381 ЖІЖ бұйрығы, техникалық-экономикалық негіздемеге Мемлекеттік сараптаманың 2002 жылғы 28 қазандағы N 2-553/2002 қорытындысы).<br>Аталған жобалар шеңберінде мына іс-шаралар өткізі-леді:<br>1) Салуға және қайта жаңартуға жер дайындау бойынша жұмыстар:<br>- жер учаскесін бөліп беру;<br>- құрылыс салу аймағына кіретін ғимараттар мен құрылыстарды өтеп алу; | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | - бұзылатын және көшірілетін ғимараттарға, құрылыстарға және әр түрлі мақсаттағы инженерлік желілерге өтемақы;<br>- қолданыстағы ғимараттардың және құрылыстардың істегі қабілетіне және сейсмикалық тұрақтылығына тексеру жұмыстары;<br>- топографиялық-геодезиялық жұмыстар жүргізу;<br>- инженерлік-геологиялық іздеулер өткізу;<br>- жобаны іске шығару.<br>2) Құрылыс-монтаж, санитарлық-техникалық, электрмонтаждық жұмыстар.<br>3) Насос станцияларын, санитарлық-техникалық, технологиялық, асханалық, монша-кір жуу жабдықтарын, сигналдама мен байланыс жабдықтарын, қазан жабдықтарын, бейне-бақылау және арнайы жабдықтар жүйесін сатып алу және монтаж жасау.<br>4) Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыру бойынша қызмет көрсетулерге ақы төлеу:<br>- техникалық қадағалауды (жеке тұлға ретінде) ұстау;<br>- авторлық қадағалауды жүзеге асыру;<br>- аланды және инженерлік желілерді атқарушылық суреттерге түсіру; | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | - жылжымайтын мүлік орталық-тарында жылжы-майтын мүлікті тіркеу және қызмет көрсету бойынша қызметтер; - 3-тармақшада көрсетілген жабдықтарды реттеу жұмыстарын жүзеге асыру. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: Қызылорда қаласындағы 1000 орынға жалпы режимдегі түзеу колониясын қайта жаңартуды, Алматы облысы Заречный кентіндегі ЛА-155/12 мекемесін ерекше режимдегі 1500 орынға арналған түзеу колониясы етіп қайта жаңартуды, Павлодар қаласындағы 600 орынға тергеу изоляторын салуды аяқтау; Павлодар қаласындағы 1500 орынға ерекше режимдегі түзеу колониясы етіп "Химпром " ААҚ N 822 және N 823 өндірістік корпустарын қайта жаңартуды жалғастыру; Орал қаласындағы РУ-170/3 мекемесін 900 орынға ерекше режимдегі түзеу колониясы етіп қайта жаңартуды бастау.
Соңғы нәтиже: республика аймақтарына тепе-тең бөлінген режим түрлері бойынша түзеу мекемелерінің желілерін құру.
Уақтылылық: құрылыс жұмыстарын жүргізудің кестесіне және жасалған шарттарға сәйкес.
Сапа: құрылыс нормасы мен ережесіне сәйкес қылмыстық-атқару жүйесі объектілерін салу және қайта жаңарту.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
212-ҚОСЫМША

**221 - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2006 жылға арналған
"Сотта адвокаттардың заңгерлік көмек көрсетуі"
деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 159193 мың теңге (бір жүз елу тоғыз миллион бір жүз тоқсан үш мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2004 жылғы 28 қазандағы N 1120 қаулысы ; "Республикалық бюджет қаражаты есебінен адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің ережелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 тамыздағы N 1247 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** заңнамада көзделген жағдайларда азаматтардың білікті тегін заң көмегін алуына конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** заңнамада көзделген жағдайларда сотқа міндетті қатысқаны үшін адвокаттарға уақтылы және толық еңбекақы төлеуді қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Сотта адвокаттардың заңгерлік көмек көрсетуі | Заңнамада көзделген жағдайларда сотқа міндетті қатысқаны үшін адвокаттар алқасының өтінімдері бойынша адвокаттарға уақтылы еңбекақы төлеуді ұйымдастыру. Жасалған шарттарға сәйкес адвокаттардың сотқа қатысқаны үшін қызметтеріне еңбекақы және іссапар шығындарын төлеу. Іске асыру мерзімі: қаңтар-желтоқсан. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, оның аумақтық органдары. Аумақтық адвокаттық алқалар. |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: адвокаттардың жұмыс істеген адам/сағат саны бір жылда кемінде 363 мыңды құрайды. Соңғы нәтиже: заңнамада көзделген жағдайларда азаматтарға тегін заң көмегін көрсету ;

Қаржы-экономикалық нәтиже:
бір адвокат көрсететін қызметіне еңбекақы төлеуге арналған шығындардың орташа құны 18059 теңге; сотта адвокаттардың қызмет көрсетуіне еңбекақы төлеу үшін шығындар бір жылда 159193,0 мың теңге құрайды.
Уақтылығы: заңнамада көзделген жағдайларда азаматтардың жекелеген санаттарына

тегін заң көмегін көрсетуді уақытылы қамтамасыз ету;
Сапа: заңнамада көзделген жағдайларда білікті тегін заң көмегімен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
213-ҚОСЫМША

**221 - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Құқықтық насихат"
деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 71501 мың теңге (жетпіс бір миллион бес жүз бір мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы Заңының 3 , 19-баптары ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы" 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 949 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1120 қаулысы ; "Құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтарды құқықтық оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған бағдарлама туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1382 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық санасы мен құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, құқықтық нигилизмді еңсеру, азаматтарды құқықтық тәрбиелеу, заңға құрметпен қарау дәстүрін, заңды мойындаушылық жағдайын қалыптастыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** Қазақстан заңнамасын түсіндіру жөніндегі жұмыс жүргізу;
оқу орындарының барлық түрлерінде әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың өзгеруін , азаматтар жасының, психологиялық және басқа да ерекшеліктерін ескере отырып, құқықтық оқытудың жаңа оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу;
мемлекеттік қызметшілердің жаңа буынының құқықтық даярлық деңгейін арттыру;
бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау, құқықтық түсіндіру жұмыстарында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану;
құқықтық мәдениетті, құқықтық тәрбиені қалыптастырудағы өзекті проблемалар

бойынша ғылыми зерттеулерді өзектілендіру.

## 6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

